

## "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 мамырда № 20784 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі

A. Раимкулова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

## "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетеу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетеу (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызмет осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дene шынықтыру істері комитетімен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) спортшылар мен жаттықтырушыларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын ұсына отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" [www.gov.kz](http://www.gov.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүргінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетеуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына (портал арқылы қызмет көрсетуді ескере отырып), Мемлекеттік корпорациясы, Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсетеу тәртібіне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын қуәландыратын құжаттың мәліметтерін, аударылған міндепті зейнетақы журналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Мемлекеттік корпорацияда құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаған кезде құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбенің 8-тармағына сәйкес қолданылу мерзімі өткен құжаттар топтамасын және (немесе) құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы қолхат береді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті алушы өтініштерінің тарихында мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салуының қабылданғаны туралы мәртебесі көрсетіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс, мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Занына сәйкес құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.07.2022 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері құжаттарды портал арқылы алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тізбенің 8-тармағында көзделген ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз етуді төлеу жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз етуді төлеу жөніндегі белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦК) қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарайды және спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы материалдық қамтамасыз етуді төлеу туралы шешім қабылдайды.

Қабылданған шешім негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамтамасыз етуді төлеу туралы бұйрықты бекітеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамтамасыз етудің төленгені туралы хабарлама жібереді.

Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы материалдық қамтамасыз етуді төлеуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұйрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша ескертулерді жойылған кезде көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын қарайды, жойылмаған кезде - көрсетілетін қызметті беруші дәлелді бас тартуды жібереді.

Оң шешім болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамтамасыз етуді төлеу туралы бұйрықты бекітеді, теріс шешім болған кезде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді

**Ескеरту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға материалдық қамсыздандыруды төлеу туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Материалдық қамсыздандыруды төлеу Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктегі көрсетілетін қызметті алушының жеке шотына ай сайын ақша аудару арқылы жүргізіледі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – КР Туризм және спорт министрінің 01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей ұсынады.

Порталда - Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу үшін уәкілетті лауазымды тұлғаның ЭЦҚ-мен қуәландырылған мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін көрсетілген қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) беріледі.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскең күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі қарайтын органға жібереді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі. Егер заңда жоғары тұрған органға шағым жасау қажеттілігінсіз сотқа жүгіну мүмкіндігі көзделген жағдайда, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын әкімшілік орган, лауазымды адам сотқа пікірмен қатар жоғары тұрған әкімшілік орган басшысының, лауазымды адамының уәжді ұстанымын ұсынады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына келіп түскең көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскең көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

**15. Алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 31.12.2021 № 414 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Спортшылар мен  
жаттықтырушыларға өмір бойы  
ай сайынғы материалдық  
камсыздандыруды төлеу"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 26.01.2023 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Туризм және спорт министрінің**

01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.

"Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дene шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы тапсырған сәттен бастап - 15 (он бес) жұмыс күні. Құжаттар топтамасын тапсыруға арналған ең жоғары шекті уақыты – 30 (отыз) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуге арналған ең жоғары шекті уақыты – 30 (отыз) минут.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті алушыға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу туралы хабарлама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Порталда - Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алушін уәкілетті лауазымды тұлғаның электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі - ЭЦК) куәландырылған мемлекеттік қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама.
	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	

6.	<p>алушыдан алынатын төлемакы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>Жеке тұлғаларға тегін.</p>
		<p>Көрсетілетін қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00 – дең 14.30 –ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00 – дең 18.30 –ға дейін.</p> <p>Мемлекеттік корпорация: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-дең 18.00-ге дейін үзіліссіз жүзеге асырылады, мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету белімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-дең 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-дең 13.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының тандауы бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі немесе портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.</p> <p>Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүргінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a></p>
7.	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі</p>	

	/entities/tsm "Мемлекеттік қызметтер" бөлімінде орналастырылған.
	<p>Мемлекеттік корпорацияға:</p> <p>спортшы үшін:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат немесе көрсетілетін қызметті алушының өкілі (сенім білдірілген өкіл) жүгінген кезде – жеке тұлғаның (сенім білдірушінің) нотариуспен куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін);</p> <p>2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының аумағында дene шынықтыру және спорт саласында жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, немесе төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені:</p> <p>тоқтату құні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;</p> <p>еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;</p> <p>жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;</p> <p>жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);</p> <p>жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;</p> <p>4) Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын</p>

растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі; жаттықтыруышы үшін:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжат немесе көрсетілетін қызметті алушының өкілі (сенім білдірілген өкіл) жүгінген кезде – жеке тұлғаның (сенім білдірушінің) нотариуспен куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін);
- 2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында жаттықтыруышылық жұмысының жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, не төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені:

тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты; еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындаудың және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер; жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растиған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;
- 4) Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшының шын мәнінде жаттықтыруышы болып табылатынын растайтын жұмыс

8.

Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін  
көрсетілетін қызметті алушыдан  
тарап етілетін құжаттар мен  
мәліметтердің тізбесі

орнынан (өтініш берген кезде  
жаттықтыруши болып жұмыс  
істемеген жағдайда – Қазақстан  
Республикасының Ұлттық  
Олимпиада комитетінен немесе  
спорт түрі бойынша ұлттық  
аккредиттелген спорт  
федерациясынан) анықтама;  
5) өзі жаттықтырган спортшының  
Олимпиада, Паралимпиада және  
Сурдлимпиада ойындарының  
чемпионы мен жүлдегері және (  
немесе) олимпиадалық спорт  
түрлері бойынша әлем чемпионы  
атағын растайтын жарыстар  
хаттамасының көшірмесі;  
порталға:

споршы үшін:

1) көрсетілетін қызметті  
алушының ЭЦҚ-мен  
куәландырылған электрондық  
құжат нысанындағы сұрау салуы;  
2) электрондық құжат  
нысанындағы, Қазақстан  
Республикасының аумағында дene  
шынықтыру және спорт саласында  
жиырма жыл еңбек өтілін  
растайтын еңбек кітапшасы, не  
төменде көрсетілген құжаттардың  
кез келгені:

электрондық құжат нысанындағы  
тоқтату күні мен оны тоқтатудың  
негізі туралы жұмыс берушінің  
белгісі бар еңбек шарты;

электрондық құжат нысанындағы  
еңбек шартын жасасу және (  
немесе) тоқтату негізінде еңбек  
қатынастарының туындауын және  
(немесе) тоқтатылуын растайтын  
жұмыс беруші актілерінен үзінді  
көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы  
жұмыскерлерге жалақы төлеу  
ведомосынан үзінді көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы  
жұмыс беруші қол қойған және  
мөрімен (ол болған кезде)  
растаган қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек  
қызметі туралы мәліметтер тізбесі  
);

жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

3) электрондық құжат нысанындағы Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі; жаттықтыруши үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салуы;

2) электрондық құжат нысанындағы Қазақстан Республикасының аумағында жаттықтыруышылық жұмысының жиырма жыл еңбек өтілін растайтын еңбек кітапшасы, не төменде көрсетілген құжаттардың кез келгені:

электрондық құжат нысанындағы тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

электрондық құжат нысанындағы еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек катынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

электрондық құжат нысанындағы жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер; электрондық құжат нысанындағы жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

3) электрондық құжат нысанындағы Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының

чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшының шын мәнінде жаттықтырушысы болып табылатынын растайтын жұмыс орнынан (өтініш берген кезде жаттықтыруши болып жұмыс істемеген жағдайда – Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінен, немесе спорт түрі бойынша ұлттық аккредиттеген спорт федерациясынан) анықтама;

4) электрондық құжат нысанындағы өзі жаттықтырған спортшының Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпионы мен жүлдегері және (немесе) олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионы атағын растайтын жарыстар хаттамасының көшірмесі.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәланыратын құжаттың мәліметтерін, аударылған міндетті зейнетакы жарналары туралы бірынғай жинақтаушы зейнетакы қорынан үзінді көшірмені, еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактін анықтау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі жұмыскердің еңбек қызметтің растайтын құжатты, жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

9.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді</p> <p>2) көрсетіletіn қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің осы мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетіletіn қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетіletіn қызметті ауды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетіletіn қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айрылуы бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады;</p> <p>6) көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етіletіn, "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес беріletіn қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге кол жеткізуге келісімі болмауы.</p> <p>Көрсетіletіn қызметті алуши мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алу үшін ЭЦК болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда сұрау салады.</p> <p>Көрсетіletіn қызметті алуши мемлекеттік көрсетіletіn қызметті алуға отінім берген кезде дәйектілігін қолтаңбамен немесе ЭЦК-мен растай отырып, мынадай деректерді көрсетеді: тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі "eGov mobile" мобиЛЬдік қосымшасында</p>
----	--

10.

Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.  
"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі камтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңгай байланыс орталығына ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген телефондар немесе бірыңгай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алады.

"Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу"  
мемлекеттік қызмет көрсетуге негізгі талаптар тізбесіне қосымша  
Нысан

Кімге \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті берушінің басшысының лауазымы,

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) кімнен

(көрсетілетін қызметті алушының

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

ЖСН \_\_\_\_\_

(мекенжайы және телефон номірі)

## **Өтініш**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сізден маған өмір бойы ай сайынғы материалдық қамтамасыз ету төлемдері тағайындау мәселесін

---

өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

---

(жаттықтыруши үшін: дайындықпен спортшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда); спортшы / жаттықтыруши үшін: спортшының жетістігі (спорт түрі бойынша бос емес орын), спорттық іс-шараның атауы (қала, ел, өткізілген жылы)

---

қарастыруыңызды сұраймын.

Банк деректемелері:

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Банк шотының №\_\_\_\_\_

Шот түрі ағымдағы\_\_\_\_\_

"Спортшылар мен жаттықтыруышыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісемін (өтініште еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактіні анықтау туралы соттың заңды қүшіне енген шешімі жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың нөмірі мен күнін көрсету (ол болған жағдайда)).

Отінішке мынадай құжаттарды қоса бермен:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Отініштің түскен күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "

---

(өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (қолы)  
(ол болған жағдайда))

Спортшылар мен  
жаттықтырушыларға өмір бойы  
ай сайынғы материалдық  
қамсыздандыруды төлеу"  
мемлекеттік қызмет көрсету  
қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

---

(Көрсетілетін қызметті  
алушының

---

тегі аты, әкесінің аты, (ол болған  
жағдайда)

---

(көрсетілетін қызметті  
алушының мекенжайы)

## **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 01.07.2025 № 116 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 -бабының 2-тармағын басшылықта ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі \_\_\_\_\_

---

(занды мекенжайы көрсетілсін)

Сіздің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбағанызызга байланысты " Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу" мемлекеттік қызметтің көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда құжаттардың қолданылу мерзімі өтіп кеткен және (немесе) жоқ құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;
- 3) \_\_\_\_\_.

Осы қолхат әр тараپқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері:

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) (қолы)

Байланыс телефонының нөмірі \_\_\_\_\_

Алдың: \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (қолы)

(ол болған жағдайда)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
2020 жылғы 29 мамырдағы  
№ 158 бұйрығына  
2-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің күші жойылған кейір бүйрықтарының тізбесі**

1. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 139 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11276 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 26 маусымда жарияланған).

2. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 176 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11445 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 13 шілдеде жарияланған).

3. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 139 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 26 қарашадағы № 363 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12814 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 18 қаңтарда жарияланған).

4. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 176 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 401 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12856 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 қаңтарда жарияланған).

5. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 19 бұйрығының 1-тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13402 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 наурызда жарияланған).

6. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 26 ақпандағы № 57 бұйрығының 1-тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13545 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 4 сәуірде жарияланған).

7. "Дене шынықтыру және спорт саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 169 бұйрығымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін дене шынықтыру және спорт саласындағы бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14000 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 10 тамызда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

8. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 176 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 238 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14244 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 28 қыркүйекте жарияланған).

9. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 3 шілдедегі № 203 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15611 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 қыркүйекте "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

10. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 11 қазандығы № 273 бұйрығының 1-

тармағының 1) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15945 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 қарашада "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

11. "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігүі кезінде өтемақы төлемдерін төлеуді қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 371 бұйрығының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18044 болып тіркелген, 2019 жылғы 9 қаңтарда "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

12. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 375 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 4-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18057 болып тіркелген, 2019 жылғы 5 қаңтарда "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

13. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 32 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18285 болып тіркелген, 2019 жылғы 13 ақпанда "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

14. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 176 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 38 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18325 болып тіркелген, 2019 жылғы 21 ақпанда "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

15. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 176 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 190 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 18991 болып тіркелген, 2019 жылғы 16 шілдеде "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

16. "Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 139 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 17 қыркүйектегі № 254 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19395 болып тіркелген, 2019 жылғы 19 қыркүйекте "Қазақстан Республикасы НҚА эталондық бақылау банкі" ақпараттық жүйесінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК